

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

Сабактың тақырыбы:

Жұрт алдында сөйлеу, пікірталас.

Дәріс оқушы: доцент Қалыбекова Қаламқас Сағындыққызы

Қ а р а ғ а н д ы , 2 0 2 5

01

Қайырлы күн, құрметті студенттер!

Бүгінгі сабағымызды бастаймыз.

Сабақтың тақырыбы – Жұрт алдында сөйлеу,
пікірталас. Сабақ барысында біз негізгі ұғымдармен
танысып, тәжірибелік тапсырмалар орындаймыз.

Назар қойып тыңдауларыңызды сұраймын!

Сабақтың мақсаты:

Сөйлеу мәдениетіне турасында айтар болсақ, қазіргі мәдениетті, жан-жақты білімді жастардың ақыл-ой көрінісі, әр сөзді орнымен айтып, мағыналы сөйлей білу – заман талабы. Сондықтан да сөйлеу мәдениетіне қай кезде де ерекше мән берілген, қай халық болса да қастерлеген.

Бүгінгі қоғам талабы-егеменді еліміздің әрбір азаматын тек білікті маман ғана емес, сонымен қатар іскер де сауатты, өз пікірін айқын жеткізе алатындай тәрбиелеу.

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз.

Бүгінгі қоғам талабы – егеменді еліміздің әрбір азаматын тек дипломды маман ғана емес, іскер де сауатты, өз пікірін ашық та айқын жеткізе алатын тұлға етіп тәрбиелеу.

Тіл – халықтың болмысын ашып көрсететін, бар салт-дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдыратын болмысын айқындайтын белгі.

«Сөз – жүректен шығады, жүрекке жетеді» демекші, адам болар кісі сөзінен танылады. Тіл мәдениетін дұрыс негіздеу үшін тек сөздерді байланыстара білу жеткіліксіз.

Сөз мағынасын толық түсініп, жеке ұғым қалыптастыру, асыл сөздің қыры мен сырына терең үңілу қажет.

03

Мәтіннің жалғасы:

Жұрт алдында сөйлеу — әртүрлі аудитория алдында өз пікіріңізді сенімді әрі анық жеткізу қабілеті. Бұл дағдыны дамыту адамға өмір бойы керек болады.

Қоғамдық пікірталастар мен конференциялар, университеттегі дәрістер мен семинарлар, жұмыс орнындағы кездесулер — бәрі де осы дағдыны шыңдайтын алаң болып табылады.

Жұрт алдында сөйлеудің ең маңызды аспектісі — тыңдаушылармен өзара байланыс орнату. Егер сіз өз ойыңызды тек тыңдармандарға жеткізетін болсаңыз, олар сіздің айтқандарыңызды тек ақпарат ретінде қабылдайды.

Ал егер сіз пікірталасқа қатысып, өз көзқарасыңызды дәлелдеп, басқалармен пікір алмасатын болсаңыз, онда сіз біршама тереңірек түсінікке қол жеткізесіз.

Жұрт алдында сөйлеу кезінде ең басты назар аударатын мәселе - тіл заңдылықтарын сақтау мен сөйлеу техникасын меңгеру

Сөйлеуші айтар ойын, сезімін, көзқарасын дауыс ырғағы, дауыс күші, ым-ишара, әр қимыл-қозғалысы арқылы да жеткізеді

Сөйлеуші айтар сөзін тыңдаушыға жеткізу үшін таңдап алған сөздерін дұрыс қолдану, әрі оларды дұрыс байланыстыру қажет

Жұрт алдында сөйлеуге адам бірте- бірте дағдыланады. Сондықтан сөйлеуге үйренудің жолдарын меңгеру әр адамға қажет нәрсе


Мәтіннің жалғасы:

Сыпайы, келісті сөз сөйлеушінің абыройын арттырады, тыңдаушының ықыласына бөлейді, ол туралы жақсы пікірілердің қалыптасуына септігін тигізеді, тыңдаушының тіл мәдениетіне деген ықыласының артуына игі ықпал етеді.

Жұрттың бәрінің сөйлеу дағдысы, тіл пайдалану тәсілін бір өлшеммен өлшеуге, бір үлгімен пішуге болмайды. Әр сөйлеуші адамның ақыл-ой, парасаты, білімі, мәдениеті, білімге қанықтығы, іс-әрекеті біркелкі емес.

Әр түрлі әлеуметтік ортада өз орнымен сөйлеу-үлкен мәдениеттілік. Үлкен жиындарда сөз ресми түрде болса, күнделікті қарым-қатынаста басқаша сөйленеді.


Қанша ділмар шешен болса да, әр жастағы адамдармен өзінше қарым-қатынас тәртібін сақтау абзал.



Жұрт алдында сөйлеуде назар аударылуы тиіс мәселелер:

07

дауыс ырғағына,
интонациясына, дауысты
сан түрлі құбылтуға;



сөйлемнің эмоционалды
бояуына;



сөйлеу темпіне;
дауыс күшіне;



сөздерді орфоэпия
нормасына сай қоюға;



қимыл-қозғалыс, ым-
ишараны орнымен қоя
білуге.

Көпшіліктің алдында сөйлеудің мынадай қағидалары бар:

Біріншіден, адам сөйлеуге өзін-өзі психологиялық жағынан дайындауы тиіс. Өз бойындағы қорқынышты, сенімсіздікті жою бірден-бір жолы;

Екіншіден, жұрт алдында сөйлейтін сөздің мағыналы, жүйелі шығуы үшін, жинайтын ақпараттардың мәні зор болуы тиіс;

Үшіншіден, сөйлеу тілінде тек сөз мазмұнының тереңдігімен ғана емес, интонация, сөз екпіні, ым, дене қимылдары да үлкен қызмет атқарады. Сондықтан тыңдаушыларды жалықтырып алмау үшін дауыс ең басты рөл атқарады

08

2-тапсырма.

«Сөйлей білмеген – сөзден қалады, сөзге тоқтамаған – елден қалады» дегенді қалай түсінесіз?

3-тапсырма.

«Жаһандану дәуіріндегі жаңа Қазақстан» тақырыбында мәтін дайындап, жұрт алдында сөйлеу қағидаларын сақтай отырып, қорғап шығыңыз.

Пікірталас – түрлі көзқарас, ой-пікірлерді қатар қою, салыстыру, салғастыру арқылы өзінің көзқарас, ой-пікірін дәлелдеу.

Пікірталас мәдениетіндегі ең бастысы – аудиторияға ой тастау, өз ойын ашық және нақтылы түрде жеткізу.

Пікірталас түрлері:

1. Пікіралмасу
2. Ойталас
3. Пікірсайыс
4. Ойбөліс
5. Айтыс



4-тапсырма

«Технологиялық жетістіктер бізге қалай әсер етеді?»
тақырыбында екі топ болып пікірталас жүргізіңіз.

12

5-тапсырма

- ❖ Мәтіннің мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, жауабын жазыңыз.

6-тапсырма.

Әр студент өз пікірін жазбаша түрде нақты жеткізіп, соңынан сөйлеу үлгісін жасап шығуы керек. Бұл сөйлеу 3-5 минуттан аспауы керек. Өз көзқарасыңызды қорғап, тыңдаушылардың сұрақтарына жауап берілуі қажет.

7-талдау тапсырмасы.

Әлемдік немесе шетелдік танымал тұлғаның бір баяндамасын тыңдап, оның сөйлеу шеберлігін талдаңыз: риторика, дауыс, ым-ишара, аудиториямен байланыс.

8-тапсырма. Пікірталасқа дайындық.

Тақырып: «Қазіргі қоғамда шешендік өнер табыстың кілті болып табылады».

Топты екіге бөліңіз: жақтаушылар және қарсы тарап. Әр тарап кемінде 5 дәлел дайындап, мысалдармен негіздеуі тиіс.

9-тапсырма. Қоғамдық сөз дайындау.

Жастардың мансап жолындағы басты кедергілері тақырыбында 3-4 минуттық сөз мәтінін құрастыңыз.

Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды болуы шарт. Тыңдарманды сендіру үшін эмоциялық тәсілдер қолданыңыз.

10-ситуациялық тапсырма.

Сіз аудитория алдында сөйлеп тұрсыз, бірақ тыңдармандардың бір бөлігі қызығушылық танытпай отыр.

Сіз олардың назарын қалай қайта аударар едіңіз?
Екі түрлі әдіс ұсыныңыз.

11-тапсырма. Рөлдік ойын

Бір топ – спикерлер, екінші топ – сыншылар.
Спикерлер берілген тақырыпқа сөйлеу керек

12-импровизациялық тапсырма.

Студентке кездейсоқ тақырып беріледі. Мысалы, «Ғаламтордың пайдасы мен зияны». Ол 1минут дайындалып, 2минут сөйлеуі тиіс.

13-тапсырма. Салыстырмалы зерттеу.

Қазақ шешендік өнері мен қазіргі заманғы пікірталас форматтарының (Oxford, Karl Popper тағы басқа) ерекшеліктерін салыстырыңыз.

14-тапсырма. Аргументация құрастыру.

«Әлеуметтік желі жастардың пікір айту мәдениетін жақсартты» деген пікірге дәлелдер келтіріңіз және оған қарсы аргументтер жасаңыз.

15-тапсырма. Тыңдаушыға әсер ету тәсілдері.

Тыңдарманға ықпал етудің кемінде 4 әдісін (мысалы: эмоцияға әсер ету, логикалық дәлел, авторитетке сүйену, статистика қолдану) сипаттап, әрқайсына мысал ойлап табыңыз.

16-тапсырма. Шешендік сөзді редакциялау.

Сізге қарапайым сөйлеу мәтіні беріледі. Оны көпшілік алдында әсерлі етіп қайта жазыңыз:

Риторикалық сұрақ қойыңыз.

Мақал-мәтел қолданыңыз.

Тыңдарманға үндеу жасаңыз.

Үй тапсырмасы:

- ❖ Жұрт алдында сөйлеу қағидалары тақырыбында баяндама дайындаңыз.
- ❖ Мәтін бойынша сұрақтар қойыңыз.
- ❖ Тақырып бойынша терминдер сөздігін құрастыңыз.

**Назар
аударғандарыңызға
рақмет!**

20